

# Жиһаз өнеркәсібі бойынша дайджест 2020 жылғы қаңтар-маусым



**Жиһаз өндірісі көлемінің серпіні, млрд. теңге**




**Түсіндірмелер:**

2020 жылғы қаңтар-маусымда жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 18,4 млрд.теңгені құрады, бұл 2019 жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштен 3,7% - ға төмен. Осы жылғы наурыз айында Қазақстанда енгізілген коронавирус жұқпасының таралуына қарсы күреске бағытталған карантиндік шаралар сала өнімдері шығарылуының төмендеуінің негізгі факторы болып қала береді. Сауда әріптес- елдер тарапынан қазақстандық экспорт тауарларына сыртқы сұраныстың қысқаруы қосымша фактор болды, онда да карантиндік шектеулер қолданыла бастады. Өзге жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаздарды (кереуеттер мен шкафтардан басқа) қоспағанда, өнімнің барлық дерлік түрлері бойынша өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады. А.ж. есепті кезеңде осы тауар бойынша НКІ 5,8% - ға жоғарылады.

**2020 жылғы қаңтар-маусымдағы өңірлер бөлінісінде жиһаз өндірісінің көлемі, млн. теңге**

Жиһаз өндірісінің ең үлкен көлемі құндық мәнде Алматы қаласына, Алматы және Павлодар облыстарына тиесілі



**2019 жылғы баламалы кезеңмен салыстырғанда 2020 жылғы қаңтар-маусымдағы жиһаз өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру көлемі**



**Түсіндірмелер:**

2020 жылғы қаңтар-маусымда жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаздарда (кереуеттер мен шкафтардан басқа) өндіріс көлемінің заттай түрде 5,8% - ға өсуі байқалды.


Сонымен қатар, ағымдағы жылғы 6 ай ішінде өткен жылдың баламалы кезеңімен салыстырғанда отыруға арналған жиһаз, негізінен металл қаңқасы бар арнайы жиһаз - 31,1%, ас үй мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз - 20,1%, ас үй жиһазы – 23%, кеңселік ағаш жиһаз-0,5% бойынша өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады. Жиһаз өндірісі көлемінің төмендеуінің негізгі себептері коронавирус індетіне байланысты елде төтенше жағдайдың енгізілуіне орай кәсіпорындардың мәжбүрлі тоқтап тұруы, сондай-ақ елде және көрші мемлекеттерде экономикалық белсенділіктің төмендеуі болып табылады.

*Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК*

САУДА КӨРСЕТКІШТЕРІ  
ЖӘНЕ ӨТКІЗУ  
НАРЫҚТАРЫ




Экспорт млн. АҚШ доллар\*



Экспорт

2020 жылғы қаңтар-мамырда жиһаз өнімі экспортының көлемі 2019 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай мәнде 1,7 есе төмендеді және 1,7 млн. АҚШ долл. құрады, ал заттай түрде – тиісінше 1,6 есе (560 мың т). Жиһаз өнімдерінің экспорты көлемінің төмендеуінің негізгі факторы коронавирус бойынша карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты көрші елдердегі экономикалық белсенділіктің төмендеуі болып табылады.

Импорт, млн АҚШ доллар\*



Импорт

2020 жылғы қаңтар-мамырда жиһаз өнімі импортының көлемі ақшалай мәнде 2019 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 10,6% - ға төмендеп, 89,5 млн. АҚШ долларын құрады, ал заттай түрде - тиісінше 1,7 есе (34,6 мың т.) төмендеді. Импорт көлемінің төмендеуінің негізгі себебі сұраныстың азаюы, сондай - ақ коронавирус бойынша карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты елдегі экономикалық белсенділіктің төмендеуі болып табылады.

2020 жылғы қаңтар-мамырдағы жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің негізгі түрлерінің экспорты/импорты

Экспорт	мың АҚШ доллар	тонна	Импорт	мың АҚШ доллар	тонна
Биіктігін реттейтін құрылғылары бар, айналатын, отыруға арналған жиһаз	472	560	Өзге ағаш жиһаз	23 058	11 370
Өзге металды жиһаз	340	90	Жатын типті ағаш жиһаз	11 192	7 301
Отыруға арналған металл қаңқасы бар өзге жиһаз	247	78	Металдан, ағаштан, өзге материалдардан жасалған жиһаздың бөліктері	8 874	4 475
Өзге ағаш қаңқасы бар отыруға арналған қапталған жиһаз	137	64	Өзге металды жиһаз	7 286	2 050
Жатын типті ағаш жиһаз	110	87	Саяжайдан немесе жорықтан басқа, төсекке өзгертілетін отыруға арналған жиһаз	4 077	1 861

## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



### Қазақстанда мемлекеттік органдар үшін жиһаз бен автокөлік сатып алуға үш жылға мораторий енгізілді

**Республикалық бюджеттің параметрлері  
бюджет қаражатын үнемді жұмсау үшін  
түзетіледі.**

Қазақстанда мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар және барлық квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін автомобильдер мен жиһаз сатып алуға үш жылға мораторий енгізілді, деп хабарлайды Қаржы министрлігінің баспасөз қызметі.

Мораторий барлық мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін жеңіл, арнайы және жедел-қызметтік автокөлік құралдарына және офистік жиһаздарға қолданылады.

"Республикалық бюджеттің параметрлері бюджет қаражатын үнемді жұмсау үшін түзетіледі. Ағымдағы жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде оңтайландырылған **532,8 млрд теңге** сомасына шығыстар Covid-19-бен күресуге, індеттің теріс салдарын болдырмауға, азаматтар мен бизнесті қолдауға бағытталды", - деп түсіндірді Қаржы министрлігі.

Сондай-ақ, 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджеттің мүмкіндіктері түзетілді: жаңа бастамаларға арналған лимиттер бекітілген бюджетке қатысты **6,4 трлн теңгеге** оңтайландырылды. Қазіргі уақытта бюджетті қалыптастыру жүргізіліп жатыр. Алдағы үш жылға арналған республикалық бюджеттің кірістерін арттыру және шығыстарын оңтайландыру жөніндегі жұмыс тобы жұмыс істейді.

*Дереккөз: [informburo.kz](http://informburo.kz)*



### Шағын бизнестен - орташа бизнеске

Алматыда Almaty Finance несие ұйымының қолдауымен жергілікті жиһаз жасаушыларға арналған құрылымдар өндірісі кеңейтілді.

Apple Tour City компаниясының өндірістік цехы қаланың Алатау ауданында жұмыс істейді. Almaty Finance-тен 7% - бен 24 млн теңгеден астам мөлшерде алынған қаражат қала жиһазшыларының қызметтеріне сұраныстың артуына байланысты тақта материалдарын орауға және пішуге арналған сапалы станоктар-материалдар мен жабдықтарды сатып алу үшін қажет болды.

Компания 2005 жылдан бастап жиһаз өндірісі үшін қызмет көрсетеді, оның ішінде ас үй гарнитурлары үшін қасбеттер, жергілікті материалдардан қабырғалар жасайды. Компания басшылығының айтуы бойынша, орауға және пішуге арналған бір ғана станоктың құны орташа есеппен 50 мың АҚШ долларын құрайды. Несиелік қаражат кәсіпкерге Ресейден көбірек материалдарды (ДСП және МДФ) тиімді бағамен сатып алу және станоктар сатып алу мүмкіндігін берді. Құжаттарды жинау, өтінімді қарау және Almaty Finance-тен қаржыландыру алу шамамен бір айға созылды.

Компания өндірісті одан әрі кеңейту және станоктардың тұтас желісін іске қосуды жоспарлап отыр. Әзірге компанияның қазіргі цехы 30-ға жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Сол жылы кәсіпкер несие қаражатының бір бөлігін қайтаруды мақсат етіп қойды. Нарықтағы үлкен тәжірибе компанияға тіпті жарнамасыз жұмыс істеу мүмкіндігін береді.

Естеріңізге сала кетейік, бизнеске барлық қажетті қолдау, соның ішінде тегін кеңестер мен оқыту курстары Almaty Business-2025 бағдарламасы шеңберінде Qolday кәсіпкерлік орталығында көрсетіледі. "Бір терезе" қағидаты бойынша табысты жұмыс істейтін және бизнес үшін әкімшілік тосқауылдар деңгейін төмендететін орталық Алматы ШОБ-ты жаңа қатысушыларды қатыстыру және Алматының өндірістік секторын күшейту үшін мемлекеттік қолдаудың жаңа құралдары туралы хабардар етуді күшейтті.

*Дереккөз: [www.kapital.kz](http://www.kapital.kz)*



## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



### Zens үшін Nendo жиһаздары мен аксессуарларының жаңа топтамасы

Nendo дизайнерлері қытайлық Zens лайфстайл бренді үшін үйге арналған функционалды заттар топтамасын әзірледі.

Ағаш жақтау мен әйнектен жасалған Cut жанама үстелшелері оның үстінде жатқан заттардың ауада қалқып тұрғандай сезім тудырады. Кәдімгі қағаз қыстырғышынан шабыт алған, Clip орындығы аллмалы-салмалы жұмсақ жастықтар мен орындықтарды ұстап тұра алады, бұл пайдаланушыларға маталар мен түстерді үнемі біріктіру мүмкіндігін береді.

Waterfall кофе үстелшесінің атауы да кездейсоқ емес. Әдетте негізін ұстап тұратын үстелдің аяғы, бұл жағдайда, керісінше, үстелдің үстінен шығып, сарқырама әсерін тудырып, сатымен баяу ағады.

Дереккөз: [admagazine.ru](http://admagazine.ru)



### Ян Экселиус дизайны бойынша шезлонгты қайта шығару

Artilleriet Стокгольм дизайн бутигі 1970-ші жылдары табынған шезлонгтар — Ян Экселиустың Etcetera креслоларының өндірісін іске қосты.

Ян Экселиус дизайнындағы Etcetera мүсіндік шезлонгты - көптеген швециялықтар үшін 1970 жылдардағы нағыз символ және бүкіл әлемдегі коллекционерлердің арманы болды. Осы уақытқа дейін оны тек аукциондарда немесе винтажды жиһаз дүкендерінде сатып алуға болатын еді, алайда осы жылы Стокгольмдегі Artilleriet салоны модельді өндіріске қайтарды.

Өзінің жасаушысына бірден танымалдылықты қамтамасыз еткен шезлонгты 1970 жылы Экселиус ойлап тапқан. Мүсіншінің айтуы бойынша, идея Лондонда, Корольдік өнер колледжінде оқыған кезде келді. Әсіресе, созылғыш материалдардың дөңес пішінге тартылған кездегі әдемілігі және табиғилығы тартымды. Ол колледждің шеберханасында иілген түтіктер мен латекспен өңделген кендір матадан прототип жасаған.

Екі жылдан соң J. O. Carlsson швециялық компания модель өндірісін іске қосты және процестің барысында

оны шығаруға дайындау үшін дизайнер материалдардың құрамына өзгерістер енгізді. Volvo автомобиль концернінің Pullmaflex отырғыштары үшін қолданылған шешімінен шабыт алған Экселиус модельді аяқтады: енді жұмсақ төсеніштің астына жасырылған серпімді белдіктер барлық дене мүшесіне мінсіз қолдау көрсетті.

Адам денесінің иілісін қайталайтын шезлонгтың өрнекті пішіні өзінің көркемдігімен, қарапайымдылығымен және футуристік келбетімен таң қалдырды. Жеңіл әрі ерекше шезлонг уақыт рухына сәйкес келеді: орындалуы бойынша жаңашыл, ал органикалық дизайны Etcetera-ны керемет сәнді ғана емес, сондай-ақ ыңғайлы етті. Etcetera-ның жаңа модельдері Artilleriet шеберханасында Экселиустың мұрағаттық сызбаларына сәйкес жасалған. Компания шезлонгты тоғыз түсті палитрада, заттың мүсіндік қасиеттерін көрсететін бін реңкті велюрде шығарды. Серияға шезлонг, орындық және ықшам жанама пуф енді.

Дереккөз: [www.mebel-news.pro](http://www.mebel-news.pro)



### "Феликс" фабрикасында бояу желісін жаңартты

Тверь облысының Торопец қаласындағы жиһаз өндірісінде жаңа лак-бояу жабдықтары орнатылды. Өндірістік техника-жиһаз бөлшектерін бояуға арналған шағын цех болып табылады. Камераның бояу бөлімі су шымылдығы бар кабинамен және лак жағу аймағынан қуатты сору жүйесімен жабдықталған. Кептіру бөлімшесінде лак-бояу жабынының кептіру циклін қысқартуды жылыту жүйесі қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, заманауи жабдық фабрика қызметкерлеріне ыңғайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ өндірісте ультракүлгін кептірумен автоматты бояу желісі қолданысқа енгізілді.

"Феликс" компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Илья Кондратьев: "Феликс" жоғары сапалы бәсекеге қабілетті өнім шығаруға мүмкіндік беретін жаңа автоматтандырылған заманауи жабдықты сатып алуға үнемі инвестиция салады. Өнім сапасы - біздің компаниямыздың жоғары беделінің басты құрамдас бөліктерінің бірі. Өндіріске және персоналға инвестициялар - табыстың негізгі құрамдас бөлігі".

Дереккөз: [lesprominform.ru](http://lesprominform.ru)